

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Отырар аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2023 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

Шәуілдір ауылы

28.07.2023 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Отырар аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ШЖҚ МКК «Отырар аудандық орталық ауруханасы» басшысы Е.Нұрлыхановтың 2023 жылғы 14 маусымдағы № 117 н/қ бұйрығы.

2. Ішкі талдаудың объектілері және басшылары:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Отырар аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының науқастарды қолдау және ішкі бақылау бөлімінің басшысы- Е.Тулесов, экономикалық жоспарлау және мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы – Б.Әбдірайым, кәсіпорынның бас есепшісі – Ж.Абдіразақов, кәсіпорынның заңгері – П.Шертаева, материалдық құндылықтар есепшісі – Б.Тулимбетов.

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2023 жылдың 23 шілде – 27 шілде аралығы.

5. Ішкі талдау қамтыған кезең:

2022 және 2023 жылдың 6 айы.

6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

Ішкі талдау келесідей бағыттар бойынша жүргізілді.

1) Бөлімнің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Қазіргі таңда «Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да барлығы штат бойынша 786 қызметкер жұмыс жасайды.

2022 жылы бойынша еңбек шарты бұзылғандар саны - 47 болса, оның ішінде - 8 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны - 21, басқалар (прочее) - 5, кіші қызметкерлер саны - 13.

Еңбек шарты түзілгендер саны - 46 болса, оның ішінде - 8 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны - 25, басқалар (прочее) - 2, кіші қызметкерлер саны - 11.

2023 жылдың 6 айында еңбек шарты бұзылғандар саны - 22, оның ішінде дәрігер - 3, орта медициналық қызметкерлер - 9, басқалар (прочее) - 4, кіші қызметкерлер - 6.

Еңбек шарты түзілгендер саны - 27 болса, оның ішінде - 5 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны - 10, басқалар (прочее) - 1, кіші қызметкерлер саны - 11.

Біліктілігін анықтау комиссиясын құру туралы Отырар аудандық орталық ауруханасы басшысының 17.08.2023 жылғы № 150 н/қ бұйрығы негізінде құрылған комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады. Комиссия мүшелері саны жеті адамнан тұрады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру арқылы көрсетеді. Комиссия мүшелері тиісті баға бере отырып тиісті хаттамаға қол қойып бекітеді.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Кәсіпорында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Кәсіпорын басшысымен 2022 жылы - негізгі құраммен 188, жеке құраммен 1263 бұйрық, 2023 жылдың 6 айы - негізгі құраммен 126, жеке құраммен 669 бұйрық шығарылған.

Кәсіпорын бойынша;

2023 жылдың ақпан айынан бастап үміткерлерді jumys «SmartNation» порталындағы денсаулық сақтау ұйымының орта медициналық персоналының (мейіргер, фельдшер, акушер, зертханашы) бос орындарға конкурстық іріктеуге қатысып, jumys «SmartNation» порталындағы қадамдардан өтіп, бос және уақытша бос орындарға орналасушылардың жұмысқа сәйкестігін, білім деңгейін және біліктілігін анықтау үшін сұхбаттасу жұмыстары жіргізіліп келген. Алайда, қазіргі таңда ол портал арқылы үміткерлерді қабылдау тоқтатылған. Себебі, портал жүйесі толығымен жұмыс істемеуіне байланысты.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 38-бабын негізге алып оқу семинарларды «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілімен жүргізілген.

2022 жылы - Конференциялар/семинарлар/форумдар/конкурстар / корпоративтік / спорттық / мәдени / мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу жөніндегі қызметтер – 2 оқу семинар өткізілді.

2023 жылы 6 ай бойынша - Конференциялар/семинарлар/форумдар/конкурстар / корпоративтік / спорттық / мәдени / мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу жөніндегі қызметтер – 3 оқу семинар өткізілді.

Орфандық (сирек кездесетін) аурулар - адамның өміріне қауіп төндіретін немесе мүгедектікке әкеп соғатын, сирек кездесетін ауыр аурулар екені белгілі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы №142/2020 *«Орфандық аурулардың және оларды емдеуге арналған дәрілік заттардың (орфандық) тізбесін бекіту туралы»* бұйрығына сәйкес орфандық аурулар:

2022 жылы бойынша; 1 науқас «Муковидоз» нозологиясы бойынша тіркеліп, Тобрамицин 300 мг 336 ампула берілген және Нутриэн стандарт смес – 144 банка, Урсодезоксихолевая кислота – 183 капсула берілген және 5 науқас «Ювенильный идиопатический артрит» нозологиясы бойынша тіркеліп, 1 науқасқа Адалимумаб 40 мг/0,4 мл 6 ампула берілген, науқас 18 жасқа толуына байланысты СК-Фармация тапсырыс беру арқылы дәрімен қамтамасыз етілген. 1 науқас шілде айынан бастап орфандық аурулар тізіліміне енгізілген, Тоцилизумаб 20 мг/мл 10 мл, 20 мг/мл 4 мл дәрісіне тапсырыс беріліп, қыркүйек айынан дәрімен қамтамасыз етілген.

2023 жылы 6 ай бойынша; 1 науқас «Муковидоз» нозологиясы бойынша тіркеліп, TOO Rollan Med 05.01.2023 жылы жекеменшік емханаға тіркеліп ауысқан. Алайда, жыл соңына дейін «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» тарапынан дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қарастырылған. «Ювенильный идиопатический артрит» нозологиясы бойынша – 5 науқас тіркеліп, 1 науқасқа Адалимумаб 40 мг/0,4 мл 26 ампула беріліп, 4 – науқасқа Тоцилизумаб 20 мг/мл 10 мл 52 флаконмен қамтамасыз ету бекітілген. 2 - науқасқа 20 мг/мл 4 мл 26 флаконмен қамтамасыз етілген. «Буллезный эпидермиолиз» ауруымен 1 – науқас есепте тұрады. Дәрілермен толық қамтамасыз етілген.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Отырар аудандық орталық ауруханасы бойынша толықтай компьютерлік техникамен қамтылған.

Отырар аудандық орталық ауруханаға қарасты медициналық амбулаториялармен, бекеттерде интернетке кіру мүмкіндіктері **100%** құрайды.

Кәсіпорын бойынша медициналық ақпараттық жүйесі (ДАМУМЕД, КӨМЕК) жұмыс жасауда.

Дәрігерлер және орта буынды дәрігерлер медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге 100% оқытылған.

Сонымен бірге, МАЖ қолдана отырып, аудан тұрғындары түгелімен электронды паспорты 95 % қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу, дәрігерді үйге шақыру және медициналық анықтамадарды алу қызметтері электронды түрде атқарылады. Медициналық ұйымдар ішінара қағазсыз құжат айналымына көшірілуде.

Кәсіпорында «Даму» ақпараттық технологиялар орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі базасында қашықтықтан қызмет көрсету PACS жүйесіне қосылу, цифрлық медициналық ақпаратты, бейнелерді өңдеу, сақтау және беру мақсатында PACS жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік сатып алу бойынша:

1. Мемлекеттік сатып алу бойынша:

1.Кәсіпорынның ТОО "KAZ АТОМ"-пен түзген № 091040006979/230024/00 2023-04-04 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 910 000,0 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 39-бап 3-тармақ 45-тармақша осы мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына оны нақтылау кезінде енгізілген жағдайда, көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген ісшараларға қатысқаны үшін ақы төлеу.

Шешу мәселесі: 2023 жылдың 14 маусымында толық төлемақы жасалынды.

2. Кәсіпорынның Филиал ТОО "ННЦРО "Санат" Алматы ""-пен түзген 091040006979/220103/00 2022-09-28 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 1 855 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 39-бап 3-тармақ 45-тармақша осы мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына оны нақтылау кезінде енгізілген жағдайда, көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген ісшараларға қатысқаны үшін ақы төлеу.

Шешу мәселесі: 2022 жылдың 29 желтоқсанында толық төлемақы жасалынды.

3. Кәсіпорынның ТОО "Social-i International Kazakhstan"-пен түзген 091040006979/220105/00 2022-10-10 келісім шартының «Шартты тікелей

жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 240 000.00 теңгені құрайды.

4. TOO "Social-i International Kazakhstan"-пен түзген 091040006979/220104/00 2022-09-28 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 140 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 39-бап 3-тармақ 45-тармақша осы мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына оны нақтылау кезінде енгізілген жағдайда, көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген ісшараларға қатысқаны үшін ақы төлеу.

Шешу мәселесі: Кәсіпорнында қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты қыркүйек айларында толық төлем жасалынады.

Қорытынды:

«Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы бойынша құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру;
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша есептілікті цифрландыруға көшіруге жұмыстар жүргізу.

Жұмыс тобының мүшелері:

Е.Тулепов 

Б.Әбдірайым 

Ж.Абдіразақов 

Б.Тулимбетов 

П.Шертаева 